



ГУМАНИТАРЛЫ-ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ
АЙМАҚТАНУ ЖӘНЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР КАФЕДРАСЫ

«Тұран» университеті» мекемесінің
Ғылыми кеңесі мәжілісінде
Бекітілді
«__»____ 2017 ж. № __ хаттама

ОӘК мәжілісінде келісілді
«__»____ 2017 ж. № __ хаттама
ОӘЖ жөніндегі проректор
_____ Абдиев К.С.

МОДУЛЬДІК ОҚЫТУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мамандықтың шифрі мен атауы 5B050500 «Аймақтану»
Академиялық дәреже: бакалавр

Құрастырылды		Келісілді		
Аты-жөні, лауазымы, ғылыми дәрежесі және атағы		ОӘЖ жөніндегі проректор	Абдиев К.С..	
1. Калпетходжаева С.К., «Аймақтану және ХҚ» ф.ғ.к., доцент, кафедрасының меңгерушісі 2. Самай А.Д, с.ғ.к., доцент 3. Камалов А.К., т.ғ.д.		Сыртқы байланыс, халықаралық аккредитация және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім бойынша проректоры	Тусупова Л.А.	
		Балон үдерісі мен қашықтан білім беру орталығының директоры	Паршина Г.Н.	
		Факультет деканы	Алаева Г.Т.	
		ҚҚ «Будущее в руках молодежи» директоры	Ливинская Н.И.	

Қаралды
«Аймақтану және ХҚ» кафедрасының отырысында
«__»____ 2017 ж. № __ Хаттама

Кафедра меңгерушісі: _____ Калпетходжаева С.К.

Алматы, 2017

Оқу бағдарламасының құрылымы

1	Оқу бағдарламасының жалпы жағдайы	
1.1	Түсініктеме жазба хат	
1.2	Оқу бағдарламасының мақсаты	
1.3	Кәсіби қызмет аймағының сипаттамасы	
1.4	Оқу бағдарламасына тапсырушының дайындық деңгейіне қойылатын талаптар	
2	Құзыреттілік термині төңірегінде оқытудан күтілетін нәтижеге қойылатын талаптар	
2.1	Әмбебап (жалпы мәдени) құзыреттілік: жалпы ғылыми, инструменталды, әлеуметтік-тұлғалық, жалпы мәдени	
2.2	Пәндік-мамандандырылған (кәсіби) құзыреттілік: жалпы кәсіби, профилді және арнайы	
2.3	Бітірушінің мамандандырылған моделі	
2.4	Құзыреттілік матрицасы	
3	Оқыту нәтижесін бағалау саясаты (ағымдық, аралық және қорытынды бақылау)	
4	Білім беру бағдарламасы бойынша оқытудың мазмұны	
4.1	Оқытудың барлық мерзіміне бакалавриат/магистратура/ білім беру бағдарламасының оқу жоспары (модулді жүйе бойынша)*	ТУ Ф 705–15–13 (бакалавриат, магистратура)
4.2	Білім беру модулдерінің каталогы (міндетті, жалпы университеттік, элективті)	ТУ Ф 705–23–15

* Пререквизит, еңбексыйымдылығы есебінен оқу жылы бойынша модулдерді бөлуді және қызмет түрлері бойынша оқу жүктемесін бөлуді қосады

1. Білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасы

1.1 Түсіндірме хат

«Аймақтану» - аймақтарды халықаралық деңгейдегі әлемдік және аймақтық саясаттың жеке субъектісі ретінде зерттейтін қазіргі әлемдегі жоғары сұранысқа ие мамандық. Қазақстанда осы бағыттағы мамандарға деген сұраныс өте жоғары, себебі халықаралық қатынастар жүйесіндегі біздің еліміздің ролі мен беделінің артуы, Қазақстан Республикасының Президенті Н.А.Назарбаев анықтап көрсеткендей 2050 жылға дейін әлемнің ең дамыған отыз мемлекетінің қатарына қосылу стратегиялық мақсаты осы бағыттағы мамандарды дайындауда жаңа мақсаттар қойып отыр.

Осы негізде еліміз кәсіби танымы жоғары, көзқарасы қазіргі заманғы, ғылыми білімнің негізін меңгерген жаһандану, аймақтану және оқшаулану шеңберіндегі ақпараттарды меңгерген аймақтанушы мамандарға деген қажеттілікті сезінуде.

Қазақстан жетекші орынды иеленетін Орталық Азия аймағындағы ішкі нарықтағы сұранысты қанағаттандыру мақсатында «Тұран» университеті «Аймақтану» (бакалавриат) мамандығы бойынша мамандарды дайындауды жүзеге асырады.

Университет 2005 жылдан бастап «Аймақтану» бағыты бойынша дайындық жүргізеді. Университеттің «Аймақтану» бойынша маман дайындауда тәжірибесі және 5B050500 «Аймақтану» бағыты бойынша маман дайындауға арналған білім беру бағдарламасын жүзеге асыруға қажетті ресурстардың барлығы бар.

Жоғарыда аталғандарға сәйкес, «Аймақтану» бағытын дайындаудың білім беру бағдарламасын жүзеге асыру негізді болып табылады.

1.2 Білім беру бағдарламасының мақсаты

Тәрбие саласындағы білім беру бағдарламасының мақсаты өнегелілік, жалпымәдени бейімділіктер, әлеуметтік бейімделуге деген қабілеттілік, тұлғаның шығармашылық қабілетін арттыру, мақсатқа ұмтылу, ұйымдастырушылық, еңбексүйгіштік, жауапкершілік, азаматтық ұстаным, төзімділік, дайындық саласына сәйкес кәсіби әрекетінің әлеуметтік мәнін және салдарын түсіну.

Оқыту саласындағы білім беру бағдарламасының мақсаты:

- гуманитарлық, әлеуметтік, экономикалық және жаратылыстанулық білімдердің негізін түсінуге дайындау;

- түлекке халықаралық қатынастар саласында табысты қызмет етуге мүмкіндік беретін жоғары кәсіби білім беру;

- оқушыларды бағытқа (мамандыққа) сәйкес білім беру бағдарламасын меңгеруге кәсіби бағыттау, табысты мемлекеттік аттестациялау қорытындысы бойынша түлекке «Аймақтану» мамандығы бойынша «әлеуметтік білімдер бакалавры» академиялық біліктілігі беріледі.

Жалпы мақсаттарды нақтылау Білім беру бағдарламасының келесі бөлімдерінде жүзеге асырылады және білім беру бағдарламасының нәтижесі ретінде құзіреттіліктер жинағында бейнеленеді.

1.3.1 Бағыт бойынша бакалаврдың кәсіби қызметінің жалпы аумағы

«Аймақтану» мамандығы бойынша бакалаврлардың кәсіби қызметін дайындау аумағы өзіне мыналарды қамтиды: халықаралық қатынастардың аймақтық жүйесін, халықаралық ұйымдар мен бірлестіктердің қызметін, жер шары аймақтарындағы әлемдік саясат пен экономиканың даму үрдістерін және проблемаларын, сыртқы саяси қатынастар жүйесінде

әрекет етуші Қазақстан Республикасының ұйымдары мен мемлекеттік басқарудың әртүрлі органдарының қызметі бойынша негізделген практикалық ұсыныстарды өңдеу мен жасау мақсатында Қазақстан Республикасының және басқа да мемлекеттердің ұлттық қауіпсіздікке қатысты мәселелерін қарастыру.

1.3.2. Кәсіби қызметтің объектілері

«Аймақтану» бағыты бойынша бакалаврлардың кәсіби қызметінің объектілері: аймақтық саясат, аймақтық экономикалық процестер, мемлекеттердің ішкі және сыртқы саясаттары, әлемдік оқиғаларға айтарлықтай ықпал ете алатын халықаралық ұйымдар, қазіргі әлемнің ғаламдық және аймақтық процестері, биліктің жергілікті органдары, коммерциялық құрылымдар, менеджмент пен іс жүргізу.

1.3.3. Кәсіби қызметтің түрлері

5B050500 «Аймақтану» мамандығы бойынша бакалаврлар мынандай кәсіби қызметтің түрлерін орындай алады:

Ақпараттық - шығармашылық – жоғары кәсіби деңгейге және фундаменталды кәсіби негізге ие болу, ақпараттарды (БАҚ, Интернет т.б.) еркін және сыни тұрғыда қабылдап өңдей алу, сондай – ақ, оны шынайылықта болып жатқан оқиғалар мен құбылыстардың объективті және шынайы бейнесін беруде қолдану.

Басқару – ұйымдастырушылық қабілетті меңгеру, сыртқы саяси бөлімдердің, департаменттердің, мемлекеттік және мемлекеттік емес ведомстволардың (министрліктер, әкімшіліктер, президенттің, премьер-министрдің аппараты, ұйымдар) құрылымдарында жетекшілік ету, ұжымда жауапты шешімдер қабылдау және оның орындалуына жауап беру.

Консультативті-сараптамалық – әлемдік саясат пен дипломатия, ұлттық және аймақтық сыртқы саясат мәселелері бойынша білікті кеңестер беру және сарапшы ролінде көріну.

Білім беруші – еліміздің орта оқу мекемелерінде қазіргі қоғамның гуманитарлық мәселелерін шешуде әлеуметтік жауапкершілікті алып жүру.

Қызметтің нақты түрлері жоғарғы оқу орнының кәсіби білім беру бағдарламасының мазмұнымен анықталады.

1.3.4. кәсіби қызметтің тапсырмалары:

5B050500 «Аймақтану» бағыты бойынша дайындалған бакалавр мынандай кәсіби тапсырмаларды шеше алуы тиіс:

- алынған білімді практикада қолдану, оларды кәсіби қызмет саласында мүмкіндігінше толық қолдану;

- мемлекеттік және шетел тілдерін білу, кәсіби қызмет саласында ауызша және жазбаша аударманы меңгеру;

- кәсіби қызметті шет тілдері бойынша алынған арнайы және фундаменталды дайындыққа сәйкес басқа тілді ортада жүзеге асыру;

- дипломатиялық құжаттарды құрау мен рәсімдеу, ақпараттық – анықтамалық және аналитикалық құжаттарды дайындау және іс жүргізу бейімдіктерін меңгеру.

1.4 Білім беру бағдарламасына түсушілерді дайындау деңгейіне қойылатын талаптар.

ҚР «Білім туралы» Заңының 1 тармағына сәйкес: «Жоғары білімнің кәсіби оқу бағдарламалары «бакалавр» академиялық дәрежесін немесе біліктілігін беруге және оны ары қарайғы кәсіби дамытуға бағытталған. «Бакалавр» академиялық біліктілігін меңгеріп жоғары

білімнің кәсіби оқыту бағдарламасын аяқтаған тұлғалар жоғары білімді талап ететін білікті талаптарға сай келетін қызметтерді иелене алады».

2 Құзіреттілік терминдері бойынша оқытудан күтілетін нәтижелерге қойылатын талаптар

2.1 Әмбебап (жалпы) құзіреттіліктер

Оқытудың нәтижелері бірінші деңгейлі Дублиндік дискрипторлар (бакалавриат) негізінде анықталады және құзіреттіліктер арқылы көрініс табады. Оқытудың нәтижелері бағдарламаның барлық деңгейінде, сонымен қатар жеке пәннің модулі деңгейінде құрастырылады.

Бірінші деңгейлі дискрипторлар мынандай қабілеттерді қалыптастыруға алғышарт болады:

- 1) зерттелініп отырған сала бойынша және осы саланың негізгі білім жүйесінің басты элементтері бойынша білім жинауға және түсінуге;
- 2) жинаған білімді кәсіби деңгейде қолдана білуге;
- 3) зерттелініп отырған сала бойынша аргументтерді негіздеуге және осы салада туындауы мүмкін мәселелерді шеше білуге;
- 4) әлеуметтік, этикалық және ғылыми ойлар мен түсініктерді қатыстыра отырып, осы саладағы басты мәселелер бойынша ақпаратты жинау мен талдауға, осы негізде белгілі бір ой тұжырымдарын жасай білуге;
- 5) ақпараттарды, идеяларды, мәселелер мен олардың шешімдерін осы саланың және басқа да мамандарына түсіндіре, жеткізе алуға.

Жоғары білімнің жалпы құзіреттіліктері жалпы білім берудің талаптарының негізінде, әлеуметтік – этикалық құзіреттіліктердің, экономикалық және басқарушылық – ұйымдастырушылық құзіреттіліктердің негізінде, арнайы құзіреттіліктердің негізінде қалыптасады.

Жалпы білімділікке қойылатын талаптар:

Бітірушілер пәндер мен білімнің барлық жақтарын меңгерулері қажет. Мамандық бойынша бітірушілерге қойылатын талаптар: тұлғаның жан – жақты дамуы, әртүрлі салалардағы білім мен бейімділіктің үлкен қоры, кәсіби дайындықтың жоғары деңгейі, елдегі және әлемдік саясаттағы күрделі оқиғаларда бағдар ұстана білу қабілеті. Болашақ маман академиялық талаптарға толықтай жауап беруі қажет.

Әлеуметтік – этикалық құзіреттіліктерге қойылатын талаптар:

5B050500 - Аймақтану мамандығының түлегі білуі қажет:

- аймақтық саясатта фундаменталды ғылыми дайындығы, атап айтсақ қоғамдық өмірдегі ғылымның рөлі туралы, жалпы мағынасы, басты жетістіктері, ғылым дамуының басты кезеңдері, тарихи және жалпы гуманитарлық ғылымдардағы зерттеу әдісі туралы ғылыми дайындығы болуы тиіс;

- қазіргі ақпараттық технологияны, сонымен қатар ақпаратты алу, өңдеу, сақтау тәсілдерін үйрену;

- таңдап алынған ғылыми мамандық бойынша ғылыми зерттеу қызметін ұйымдастыра білу, жоғарғы оқу орнында, жоғарғы және орта кәсіби оқу мекемелерінде, колледждерде сабақ беру;

- зерттеу және басқарушылық қызметін сәтті іске асыру;

- жұмыс істейтін орнында ғылыми және мамандырылған бағыт бойынша ғылыми-зерттеу қызметінің құрамында болу; мемлекеттік ғылыми-зерттеу және мемлекеттік емес бағдарламалардың қатысушысы болу, шығармашылық қабілетке ие болу, жауапты және коммуникабельді болу.

Экономикалық және ұйымдастырушылық-басқарушылық компетенциясына қойылатын талаптар:

5B050500 – Аймақтану мамандығының түлектері жас маманға қойылатын заманауи талаптарға сай болу керек, ұйымдастырушылық және тәжірибелік қабілетке ие болу, ұжымдық

жұмысқа дайын болу, басқарушылық шешімдер қабылдай білу, педагогикалық қызметтің негізін білу, мәдени ойлау мен публика алдында сөйлей білу, өз ойын ауызша және жазбаша түрде дұрыс жеткізе білу, кәсіби мәселелердегі дискуссияларға қатысу, ғылыми білімнің негізін және әртүрлі жағдайлар мен процесстерге болжам жасай білу, сапалы анализ жасай білу.

Жоғарғы айтылғаннан басқа түлекке міндеттеледі:

- жаңа білімді қабылдай білу, әдістемелік және психологиялық тұрғыда өз кәсіби қызметінде болатын өзгерістерге дайын болу;

- әлеуметтік даму тәжірибесінде жиналған тәжірибенің қайта бағалау шарттарына жауап білу, жаңа білім және өз мүмкіндіктеріне анализ жасай білу, заманауи ақпараттық ғылыми технологияларды қолдана білу.

Кәсіби құзыреттілікке қойылатын талаптар

Жалпы кісәби дайындық бойынша аймақтану бакалавры кәсіби құзыреттіліктің мынандай талаптарына жауап беру қажет:

- саяси, құқықтық және әлеуметтік-экономикалық ғылымдар саласындағы негізгі ілімдерді білу, осы ғылымдардың тәсілдерін әртүрлі кәсіби және әлеуметтік әрекет түрлерінде пайдалану;

- оқу бағдарламасының аяқталуына қарай өз бетімен оқуға, өз білімдерін ақпараттық және білім беру технологиясының негізінде кеңейту, өзінің кәсіби қызметіндегі өзгерістерге методикалық және психологиялық тұрғыда дайын болу;

- тірі және өлі табиғатта болып жатқан процесстер мен құбылыстарды, қазіргі ғылым мен техниканың дамуындағы принципіалды мәселелерді, олардың әлеуметтік-экономикалық және саяси салдарын толықтай түсіну

- мамандану аймағындағы құбылыстар мен процесстерді болжау және талдай алу, арнайы зерттеулердің мақсатын анықтай алу және оларды ғылымдарды зерттеуде іске асыру, пән аралық жобалармен жұмыс жасауға дайын болу.

2.2 Пәндік кәсіптік құзыреттіліктер

«Аймақтану» мамандығы бойынша арнайы құзыреттіліктер жоғарғы білім негізінде кәсіби стандарттар жұмыс беруші мен қоғамдық әлеуметтік сұранысқа арнап жасалынған.

2.3 Бітірушінің біліктілік үлгісі «5B050500 – Аймақтану»

Бітіруші келесі жалпы мәдени құзіреттерге (ЖҚ) ие болуы керек

Жалпы білімділік

– Ойлау мәдениеті мен ой өрісінің кеңдігімен жоғары білімді тұлға қалыптастыруға көмектесетін табиғи ғылыми (әлеуметтік, гуманитарлы, экономикалық) пәндер саласында базалық білімінің болуы (ЖҚ1)

– Заманауи техниканы пайдалану дағдысына ие болуы, ақпараттық технологияларды кәсіби қызмет саласында пайдалана білу (ЖҚ2)

– Күнделікті кәсіби қызмет және магистратурада білім алуын жалғастыру үшін қажетті жаңа білімдерді алу дағдасын игере білу (ЖҚ3)

– Денсаулықта нығайту және дене тәрбиесі әдістерін өзіндік, әдістемелік дұрыс қолдану құралдарын игере білуі, толық әлеуметтік және кәсіби қызметті қамтамасыз ету үшін физикалық дайындықтың қажетті деңгейіне жетуге дайындығы (ЖҚ 4)

Әлеуметтік-этикалық құзіреттер:

– Қоғамдық ой, дәстүр, салт, қоғамдық нормаларда негізделген әлеуметтік-этикалық құндылықтарды білуі және өзінің кәсіби қызметін оларға бағыттауы (ЖҚ5)

– Іскелік этиканы нормаларын сақтау, тәртіптің этикалық және құқықтық нормаларын білу (ЖҚ6)

– Қазақстанның салт-дәстүрі мен мәдениетін білу (ЖҚ7)

– Әлемнің барлық халықтарының салт-дәстүріне, мәдениетіне төзімді болу (ЖҚ8)

– Қазақстанның заңы мен құқықтық жүйесінің негіздерін білу (ЖҚ9)

– Қоғамның әлеуметтік дамуының тенденциясын білу (ЖҚ10)

- Түрлі әлеуметтік жағдайларда адекватты бағыттала алу (ЖҚ11)
- Командада жұмыс істеуге қабілетті болуы, өз көзқарасында биязылықпен тұруы, жаңа шешімдер ұсыну (ЖҚ12)
- Ымыраға келе білуі, өз пікірін ұжым пікірімен келтіре білу (ЖҚ13)
- Кәсіби және жекелей өсуіне ұмтылу (ЖҚ 14)

Экономикалық ұйымдастыру-басқару құзіреттері:

- Экономикалық білім негізін игеруі, менеджмент, маркетинг, қаржы туралы ғылыми түсініктерге ие болу (ЖҚ15)
- Экономиканың мемлекеттік реттеу дің мақсаттары мен әдістерін, мемлекеттік сектордың экономикадағы рөлін білу және түсіну (ЖҚ16)
- Әлеметтік, экономикалық, кәсіби рөлдер ауысымының, өзгеріс пен белгісіздіктің үдемелі динамизм жағдайында географиялық және әлеуметтік мобильділіктің дайындығы:*
- Заманауи ақпараттық ағындарда бағдарлана және әлемдік экономикадағы өзгермелі көріністер мен үдерістерге бейімделене алу (ЖҚ17)
- Кәсіби қызметке байланысты әр түрлі жағдайлар мен шарттарда икемді және жинақы болу (ЖҚ18)
 - Белгісіздік пен тәуекел жағдайларда экономикалық және ұйымдастыру сипатты шешімдерді қабылдау дағдысына ие болу (ЖҚ19)

Бітіруші келесі **кәсіби құзіреттерге (КҚ)** ие болуы керек:

Ғылыми-зерттеу қызметі:

- Ақпаратқа байланысты негізгі концепцияларды, принциптерді, теорияларды және факттарды түсіну (КҚ-1)
- Зерттеулердің пайдаланатын әдістері есебімен өзінің заттық саласында қалыптасуға қабілеттілігі (КҚ-2)
- Кәсіби қызмет объектілерін зерттеудің әдістері мен аспаптық құралдарын пайдалануға дайындығы (КҚ-3)
- Қабылданатын жобалы шешімдерін негіздеу дайындығы, олардың тиімділігі мен орындылығын тексеру бойынша эксперименттерді орындау және қойылымын жүзеге асыру (КҚ-4)
- Презентацияларды дайындай, орындалған жұмыстың нәтижесі бойынша ғылыми-техникалық есептерді рәсімдей, ғылыми-техникалық конференцияларда мақала мен баяндама түрінде зерттеулердің нәтижесін жариялай білу (КҚ-5)

Талдамалы қызмет:

- Бағдарламалы жобаның заттық облысын қалыптастыру және бағдарламалық өнімнің құрауыштары үшін спецификациясын жасау қабілеттілігі (КҚ-6)
- Қиыншылық, тәуекел, шығындар дәрежесінің бастапқы бағасын орындау және жұмыс кестесін құру қабілеттілігі (КҚ-7)
- Коммерциялық ұсыныстарды шешім нұсқаларымен дайындау қабілеттілігі (КҚ-8)

Жобалы қызмет:

- ЭЕМ және жүйенің архитектурасымен танысу (КҚ-9)
- Информатика және бағдаламалаудың негізін бағдарламалық өнімдердің жобалауға, құрастыруға және тестілеуге қолдана алу (КҚ-10)
- Оқылған шығыс кодының, құжаттаманың басты ойын шығару, оқу және түсіну дағдылары (КҚ-11)
- Бағдарламалық қамтамасыз етуді құрастыру формалды әдістерін қолдану, үлгілеу және талдау дағдылары (КҚ-12)
- Бағдарламалық қамтамасыз етудің уақытылы және сыйымдылықты қиындығын бағалау қабілеттілігі (КҚ-13);
- Бағдарламалық интерфейстер құру қабілеттілігі (КҚ-14)

Технологиялық қызмет:

– Операциялық жүйелерді, желілік технологияларды, бағдарламалық интерфейстерді жасау құралдарын пайдалану, формалды спецификация тілдері мен әдістерін, мәліметтер базасымен басқару жүйесін қолдану дағдылары (КҚ-15)

– Бағдарламалық қамтамасыз етуін өңдеудің түрлі технологияларын пайдалану дағдысы (КҚ-16)

Өндірістік қызмет:

– Бағдарламалық қамтамасыз етуін өңдеудің негізгі әдістері мен құралдарын қолдана білу (КҚ-17)

– Бағдарламалық қамтамасыз етудің сапасының концепциясы мен атрибуттарын түсіну (сенімділік, қауіпсіздік, пайдалану ыңғайлығы), соның ішінде адамдардың, үрдістердің, әдістердің, құралдардың және сапа қамтамасыз ету технологиялары (КҚ-18)

– Өмірлік циклдің стандарттары мен үлгілерін түсіну (КҚ-19)

Ұйымдастыру-басқару қызметі:

– Жобалармен басқаруда менеджмент үлгісі мен классикалық концепцияларды түсіну (КҚ-20)

– Талаптарды өңдеу үрдістерін басқару әдістерін, тәуекел бағасын, алуды, жобалауды, құрастыруды, тестілеуді, эволюцияларды түсіну (КҚ-21)

– Бағдарламалық инженерия үшін топтық динамика, психология және кәсіби тәртіп негіздерін түсіну (КҚ-22)

– Жобаны бақылау әдістерін түсіну және нұсқа бақылауын жүзеге асыра білу (КҚ-23)

Сервистік – эксплуатациялық қызмет:

– Негізгі концепцияларды, эволюция үлгілерін және бағдарламалық қамтамасыз етуді сүйемелдеуді түсіну (КҚ-24)

– Техникалық көзқарас ретінде, бизнестік көзқарас ретінде де эволюциялық қызмет ерекшеліктерін түсіну (мұрагерлік жүйелермен жұмыс, қайтпалы жобалау, реинженеринг, миграция и рефакторинг) (КҚ-25)

Бітіруші келесі арнайы күзiреттерге (АҚ) ие болуы керек:

– Есептік техника мен бағдарламалаудың дамуының негізгі тенденцияларын түсіну (АҚ1)

– Бағдарламалық жүйелерді жобалаудың әдістерін және олардың өмірлік циклінің барлық кезеңдерін орындай білу (АҚ2)

– Негізгі түсініктерді, заңдарды және теориялық информатика әдістерін білу (АҚ3)

– Бағдарламалық алгоритмдердің инженерлік жобалауын және алгоритмдерді жасау әдістерін білу (АҚ4)

– Апат, зілзала, табиғи апат және басқа төтенше жағдайлар есебінен жоюдың негізгі техникалық және ұйымдастыру шараларын пайдалану қабілетілігі (АҚ5)

– Кәсіби қызметті құқықтық реттеу негіздерін білу (АҚ6)

– Тұлғаның, тұлғалық қатынастардың психологиясын, кіші топтардың психологиясын білу (АҚ7)

– Ақпаратты өңдеу үрдістерін қалыптастыру және алгоритмдау үшін үлгілеу әдістерін және құралдарын және дәлдік бағасы мен нәтижелердің дұрыстығымен ЭЕМ-да статистикалық үлгілеу үшін алгоритмдерді тұрғыза білу (АҚ8)

3 Оқытудың нәтижелерін бағалау саясаты (ағымдық, аралық және қорытынды бақылау)

Студенттердің оқу үлгерімдері мен оқу пәндері немесе модульдары бойынша олардың білімін бағалауды әрбір академиялық кезеңі мен оқу жылының соңындағы оқу процесінің аяқталуында Тіркеушілер офісі жүзеге асырады.

Тіркеушілер офісі оқушылардың оқу жетістіктерінің тарихын тіркеп отырады, ол қабылданған формадағы транскриптте бейнеленеді.

Курсты оқу барысында студент екі аралық бақылауды тапсырып, аралық бақылаудан өтуі тиіс.

Аралық бақылау

Аралық бақылаудың бағасы мына формула бойынша шығарылады

$$R = 0,5 * L_{cp} + 0,5 * T - 0,25 * p,$$

онда L_{cp} , – лабораториялық жұмыс үшін орта балл (0 ден 100 дейін);

p – қалдырылған аудиториялық сағаттар саны;

T – аралық бақылауда алынған балл (0 ден 100дейін).

Аралық бақылауға дәріс тақырыптарымен қатар СӨЖ тақырыптары да қосылады

Қорытынды баға

2-ші аралық бақылау мен емтиханның нәтижелері бойынша алған баллдары қорытынды баға қойыларда ескеріледі .

Екі аралық бақылаудың орташа арифметикалық баллдары 0,6 коэффициентіне көбейтіледі, ал емтиханда алған балл 0,4- ке көбейтіледі.

Қорытынды баға мына формула бойынша есептеледі

$$U = 0.6 * [(R_1 + R_2) / 2] + 0.4 * E,$$

яғни

R_1 – 1-ші аралық бақылау бағасы;

R_2 – 2-ші аралық бақылау бағасы;

E – емтиханда алған баға ($0 \leq E \leq 100$).

Әріптік жүйедегі баға және оның баллдарының әріптік эквиваленті дұрыс жауаптардың пайыздық мазмұны бойынша төмендегі таблицаға сәйкес анықталады:

Әріптік жүйедегі баға	Баллдардың эквиваленті	Әріптік	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлік жүйедегі баға
A	4.0		95-100	Өте жақсы
A-	3,67		90-94	
B+	3,33		85-89	Жақсы
B	3,0		80-84	
B-	2.67		75-79	
C+	2.33		70-74	Қанағаттанарлық
C	2.0		65-69	
C-	1.67		60-64	
D+	1.33		55-59	
D	1,0		50-54	Қанағаттанарлықсыз
F	0		0-49	

КУРСТЫҢ САЯСАТЫ МЕН ПРОЦЕДУРАСЫ

Лабораториялық жұмыстарды көрсетілген мерзімде тапсыру керек.

Қорытынды бағаны қоюға негізгі шарт БАРЛЫҚ лабораториялық жұмыстардың тапсырылуы болып табылады.

Оқу материалын меңгеру дәрежесі тестілеу әдісімен тексеріледі.

Студент сабаққа кешікпеу керек. Сабаққа екі рет кешігу (10 минуттан көп болса) бір жоққа теңестіріледі. Аудиториялық сабақтардан дәлелді себептерсіз қалмау керек. Ауырып келмей қалған жағдайда, анықтама қағазын көрсетуі керек.

АУДИТОРИЯЛЫҚ САБАҚТАРДАҒЫ ТӘРТІП ЕРЕЖЕСІ

Сабақ барысында басқа істермен айналысуға тиым салынады, яғни нақты мыналармен:

- ұялы телефонды қолдануға;
- бір-бірімен басқа тақырыпта әңгімелесуге;

- ән тыңдауға;
- сағыз шайнауға;
- басқа әдебиет оқуға;
- ойнауға;
- сабаққа тамақ және сусын әкелуге.

Қатаң тыйым салынатындар:

- желілер мен проводтарға тиісуге;
 - компьютерге дискіні рұқсатсыз қоюға;
 - бағдарламаларды өз еркімен орнатуға;
 - сабаққа сусын мен тамақ әкелуге;
 - компьютерді оқытушының рұқсатынсыз қосуға және өшіруге
- Тәртіп бұзған жағдайда студент сабақтан босатылады.

4 Білім беру бағдарламасының оқу мазмұны

«Аймақтану» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасының құрамы оқыту жұмыстарының әртүрлі түрлерінен құрылады және олардың қатынастарын анықтайды.

Бакалавриаттың білім беру бағдарламасының құрамы:

1) теория жүзінде оқыту, жалпы білім беру, базалық және профильдық пәндерді

оқытуды қосады;

2) оқытудың қосымша түрлері – кәсіби практиканың әртүрлі түрлері, физикалық мәдениет;

3) ағымдық және қорытынды аттестация;

Сонымен қатар, бакалавриаттың білім беру бағдарламалары пәнді оқытудың модульдік жүйесінің негізінде жобаланады.

Білім беру бағдарламасы мамандық пен пәннің оқу - әдістемелік кешенінің негізінде жүзеге асырылады.

Оқу жұмысының еңбек сыйымдылығын есептеу оқытылып отырған материалдың көлемімен және кредитпен және студенттер мен оқытушылардың еңбек шығындарын есептеу өлшемі болып табылатын ECTS - пен есептеледі.

Кредиттер білім беру бағдарламасының жекелеген пәндерінің немесе модульдерінің шартты «құнын» білдіреді. Жалпы еңбек сыйымдылығы ұғымына кіретіндер: дәрістер, практикалық сабақтар (семинарлар), лабораториялық сабақтар, студенттердің өзіндік жұмысы, курстық жұмыстар, кәсіби практиканың түрлері, қорытынды аттестацияны дайындау және өту.

Теориялық оқытудың жалпы еңбек сыйымдылығы оқытылып отырған оқу пәндерінің санымен анықталады.

Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыруда әрбір оқу пәнінің көлемі тұтастай кредиттер санын құрауы керек. Сонымен қатар, ереже бойынша, әрбір пән 3 кредиттен кем болмауы керек.

Пәнді 2 кредитке бағалауға да жол беріледі.

Физикалық мәдениет пен тілдерден басқа әрбір оқу пәні қайталанбайтын атаумен аталуы тиіс.

Студенттер әрбір оқу пәнін бір академиялық мерзімде меңгереді, соңында емтихан формасында қорытынды бақылау тапсырады.

Оқу жоспарының барлық формаларында пәндерді таңбалаудың бірегей жүйесі қолданылады, олар әрбір оқу пәніне әріптік және сандық бейнедегі тиісті кодты береді.

«Аймақтану» мамандығы бойынша оқу жоспары мен білім беру бағдарламасына тиісті заң нормаларының негізіндегі пәндер беріледі. Оған мемлекеттік және орыс тілдері (1997 жылғы 11 маусымындағы «Қазақстан Республикасының Тілдер туралы заңы»), физикалық мәдениет (1999 жылдың 2 желтоқсанындағы «Физикалық мәдениет пен спорт туралы» Қазақстан Республикасының Заңы), еңбекті қорғау (2007 жылдың 15 мамырындағы Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі).

Жалпы білім беру пәндерінің (ЖББ) циклы міндетті компоненттерден құралады және таңдау бойынша компонентті де қосуы мүмкін.

Міндетті компонент білім беру бағдарламасының фундаменталды өзегі болып табылады, оның жалпымәдени, жалпымемлекеттік маңызы бар, ал мамандықтар елдегі біртұтас білім беру кеңістігін қамтамасыз етеді.

Міндетті компоненттердің пәндер тізімі типтік оқу жоспары арқылы анықталады. Міндетті компоненттегі пәндердің көлемін қысқартуға жол берілмейді.

Таңдау бойынша компонент нақты бір аймақтағы әлеуметтік – экономикалық даму ерекшеліктерін және еңбек нарығындағы сұранысты, сонымен қатар нақты бір оқу мекемесіндегі ғылыми мектептерді және оқушының өзінің индивидуалды мүдделерін ескереді.

Таңдау бойынша компоненттің санын жоғарғы оқу орыны өзі анықтайды.

ЖББ циклының мазмұны типтік оқу жоспарының жалпы көлемінің 25 % немесе 33 кредитті құрайды.

БП циклы пәндерінің жалпы көлемі типтік оқу жоспарының жалпы көлемінің 50% немесе 64 кредитті құрайды, оның ішінде 20 кредит міндетті компонентке беріледі, ал 44 кредит таңдау бойынша компонентке беріледі.

БП циклы бойынша міндетті компонентке әрқайсысы 2 кредиттен кем емес «Кәсіби қазақ (орыс) тілі», «Кәсіби бағытталған шетел тілі» кіреді.

КП циклы пәндерінің көлемі типтік оқу жоспарының жалпы көлемінің 25% немесе 32 кредитті құрайды, оның ішінде 5 кредит міндетті компонентке беріледі, ал 27 кредит таңдау бойынша компонентке беріледі.

5B020200 «Аймақтану» мамандығы бойынша жоғары білім берудің білім беру бағдарламасының құрылымы 1 кестеде көрсетілген.

Кесте 1

№	Циклдардың және пәндердің атауы	Жалпы еңбек сыйымдылығы	
		в нақты сағаттарда(50 мин.)	кредит бойынша
1	2	3	4
1	Жалпы білім беру пәндерінің циклы (ЖББ)	1485	33

1)	Міндетті компонент	1485	33
	Қазақстан тарихы	135	3
	Информатика	135	3
	Өмір сүру қауіпсіздік негіздері	90	2
	Әлеуметтану	90	2
	Экология және тұрақты даму	90	2
	Қазақ (Орыс) тілі	270	6

	Экономикалық теория негідері	90	2
	Шетел тілі	270	6
	Құқық негіздері	90	2
	Саясаттану	90	2
	Философия	135	3
2)	Таңдау бойынша компонент		
2	Базалық пәндер циклы (БП)	2880	64
1)	Міндетті компонент	900	20
	Кәсіби қазақ тілі	90	2
	Кәсіби бағытталған шетел тілі	90	2
	Аймақтануға кіріспе	135	3
	Азия және Африка елдерінің тарихы	135	3
	Еуропа және Америка елдерінің тарихы	135	3
	Халықаралық қатынастар тарихы	180	4
	Қазіргі интеграциялық үрдістер және халықаралық аймақтық ұйымдар	135	3
2)	Таңдау бойынша компонент	1980	44
3	Кәсіптендіру пәндерінің циклы (КП)	1440	32
1)	Міндетті компонент	225	5
	ҚР сыртқы саясаты	90	2
	Халықаралық қатынастар жүйесіндегі аймақтардың қазіргі кездегі мәселелері	135	3
2)	Таңдау бойынша компонент	1215	27
	Теориялық оқыту қорытындысы	5805	129
4	Оқытудың қосмша түрлері(ОҚТ)		
1)	Міндетті компонент		
	Дене шынықтыру	480	16
	Кәсіби практика (КП) (түрлері бойынша)	Практиканың түріне байланысты	6 кем емес
	Оқу		
	Өндірістік		
	Диплом алды		
2)	Таңдау бойынша компонент		
5	Қорытынды аттестация		
1)	Мамандық бойынша мемлекеттік емтихан (1 МЕ)	105	1
2)	Диплом жұмысын жазу және қорғау	210	2